

2011-2013 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 4С-30/3-10 шешімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 30 желтоқсанда № 1-9-164 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 94 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 16.04.2013 № 94 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 9-бабының 2-тармағына және 75-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, 2011-2013 жылдарға арналған, сонымен қатар 2011 жылға арналған аудан бюджеті келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 2 085 010,6 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 466 764 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 19 024 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 17 500 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері – 1 581 722,6 мың теңге;
- 2) шығындар – 2 118 343,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік несиелендіру – 31 809 мың теңге, соның ішінде:
 - бюджеттік несиелер – 32 937 мың теңге;
 - бюджеттік несиелерді өтеу – 1 128 мың теңге;
- 4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 55 704 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -120 846,3 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 120 846,3 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

2. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне 1 322 077 мың теңге сомасында 2011 жылға берілетін субвенциялардың көлемі ескерілсін.

3. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде 4 қосымшаға сәйкес, республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер мен бюджеттік несиелер қарастырылғаны ескерілсін.

4. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде 5 қосымшаға сәйкес, облыстық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

5. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен бөлінген 1 128 мың теңге сомасындағы бюджеттік несиелерді өтеу қарастырылғаны ескерілсін.

6. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде білім мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын нығайтуға – 8 572 мың теңге шығындар қарастырылсын.

7. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыларды төлеуге 14 613 мың теңге сомасында шығыстар қарастырылғаны есепке алынсын.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

7-1. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде Ерейментау қаласындағы бұрынғы № 87 бала бақшаны қайта құрастыруға 16 888,3 мың теңге сомасында шығыстар қарастырылғаны ескерілсін;

7-2. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде Ерейментау ауданы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жұмысына құқық алған «Жылу сервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны үшін мамандандырылған техниканы сатып алуға 42 248 мың теңге сомасында шығыстар қарастырылғаны ескерілсін»;

7-3. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде бекітілген заңнамалық тәртіпте 2011 жылдың 1 қаңтарында құрылған 104 170,9 мың теңге сомасындағы бюджеттік қаражаттардың бос қалдықтары пайдаланылатыны ескерілсін;

7-4. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде Ерейментау ауданы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жұмысына құқық алған «Ерейментау Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын арттыруға 5 456 мың теңге сомасында шығыстар қарастырылатыны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 7-1; 7-2; 7-3 тармақтарымен толықтырылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.02.25 № 4С-32/4-11 (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

7-4 тармағымен толықтырылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.04.26 № 4С-35/5-11 (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен

7-5. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясын қысқартуға байланысты, 2011 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджет шығындарының

өтемақысына 616 мың теңге сомасында трансферттер қарастырылсын;

7-6. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде 4 000 мың теңге сомасында 200 орындық жаңа мектептің және 3 700 мың теңге сомасында Ерейментау қаласындағы жаңа 60 пәтерлік жалгерлік тұрғын үйдің құрылысына жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге шығыстар қарастырылғаны есепке алынсын.

Ескерту. 7-6 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

7-7. Аудан бюджетінде «Ерейментау қаласындағы Уәлиханов көшесі № 43 бойынша орналасқан 75 пәтерлік тұрғын үйдің ішкі және сыртқы коммуникацияларын қайта құрастыру» жобасын түзетуге және мемлекеттік сараптамадан өткізуге 1 163 мың теңге сомасында шығыстар қарастырылғаны есепке алынсын;

7-8. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде Ерейментау қаласындағы су құбырларының қосымша учаскесінің құрылысына 500 мың теңге сомасында шығыстар қарастырылғаны есепке алынсын.

Ескерту. Шешім 7-5; 7-6; 7-7; 7-8 тармақтарымен толықтырылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.08.31 № 4С-38/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 7-8 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен

7-9. 2011 жылға арналған аудан бюджетінде 15 133,6 мың теңге сомасында мамандарды әлеуметтік қолдаудың шараларын жүзеге асыру үшін 2010 жылда берілген пайдаланылмаған бюджеттік несиелерді республикалық бюджетке қайтару қарастырылғаны есепке алынсын.

Ескерту. Шешім 7-9 тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

8. 2011 жылға арналған 5 662,7 мың теңге сомасындағы ауданның жергілікті атқарушы органының қоры бекітілсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

9. Ерейментау аудандық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес, ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз етудің, білімнің, мәдениет пен спорттың мамандарына, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайларда айналысатын мамандардың еңбекақыларымен және ставкалары мен

салыстырғанда жиырма бес пайызға көтерілген лауазымдық еңбекақылары мен тарифтік ставкалары бекітілсін.

10. 2011 жылға арналған Ерейментау қаласы, ауылдық (селолық) округтер мен ауылдар (селолар) әкімдері аппараттарының бюджеттік бағдарламалары 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2011 жылға арналған аудан бюджетін орындаудың барысында секвестрге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 7 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Осы шешім Ерейментау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау аудандық
мәслихат сессиясының
төрағасы *В.Житин*

Ерейментау аудандық
мәслихатының хатшысы *Қ.Махметов*
«КЕЛІСІЛДІ»

Ерейментау ауданының әкімі *Н.Ә.Ережепов*
«Ерейментау ауданының экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы *А.Қ.Хасенов*

Ерейментау аудандық
мәслихатының 2010 жылғы
22 желтоқсандағы
№ 4С-30/3-10 шешімімен
бекітілген 1 қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2011.11.04 № 4С-41/2-11 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

2011 жылға арналған аудан бюджеті

Санат				Сома
Сынып				
Сыныпша				
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. КІРІСТЕР	2085010,6
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	466764

1	Табыс салығы	12809
2	Жеке табыс салығы	12809
3	Әлеуметтік салық	158977
1	Әлеуметтік салық	158977
4	Меншікке салынатын салықтар	269542
1	Мүлікке салынатын салықтар	204530
3	Жер салығы	32364
4	Көлік құралдарына салынатын салық	30598
5	Бірыңғай жер салығы	2050
5	Тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетуге салынатын ішкі салықтар	22173
2	Акциздер	3252
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	14278
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4643
8	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3263
1	Мемлекеттік баж	3263
2	САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	19024
1	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1181
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1181
4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	9983
1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	9983
6	Басқа да салықтық емес түсімдер	7860
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	7860
3	НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	17500
3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	17500
1	Жерді сату	5100
2	Материалдық емес активтерді сату	12400
4	ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	1581722,6
2	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1581722,6
2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1581722,6
Функционалдық топ		

Бюджеттік бағдарламалардың				Сума
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	2118343,9
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	174320
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12876
		1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12876
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	40517
		1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40517
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	99350
		1	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	99200
		22	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	21577
		1	Экономикалық саясатты, қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20349,7
		3	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	295,3
		4	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	697
		15	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	235
2			Қорғаныс	1426
	122		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	1426
		5	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1426
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	700
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	700

	21	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	700
4		Білім беру	1473507,2
	123	Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	2128
	5	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	2128
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1425903,9
	1	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9902
	3	Жалпы білім беру	1143758,9
	4	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	4902
	5	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	16482
	6	Балаларға қосымша білім беру	39363
	9	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	189610
	15	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата- аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	10108
	21	Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайту	11778
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	45475,3
	37	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	45475,3
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	85232
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	85232
	1	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19794
	2	Еңбекпен қамту бағдарламасы	17521
	5	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1456
	6	Тұрғын үй көмегі	2072
	7	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	8995
	10	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	811

	11	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу , төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	342
	14	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	9230
	16	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	14613
	17	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	3126
	21	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	78
	23	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	7194
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	140355
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	22504
	8	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	8578
	9	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5027
	10	Жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	604
	11	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	8295
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	38068
	3	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2105
	5	Авариялық және ескі тұрғын үйлерді бұзу	3586
	11	Шағын қалаларда үнемі жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету	16944
	12	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	5116
	15	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2560
	16	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1422
	18	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5635
	31	Кондоминиумдар нысандарына арналған техникалық паспорттарды дайындау	700
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	79783
	3	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	3700
	4	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	75583
	6	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	500

8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	102476
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	86188
		1 Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5765
		3 Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	57127
		6 Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	22390
		7 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	906
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	9386
		1 Жергілікті деңгейде аппарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыруда мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4866
		2 Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3820
		3 Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	700
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	6902
		1 Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3359
		6 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	767
		7 Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2776
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	69814,6
	477	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	19695,3
		1 Жергілікті деңгейде облыстық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14993
		99 Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	4702,3
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	23002

	1	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5696
	11	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	17306
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	27117,3
	12	Су шаруашылығының объектілерін дамыту	27117,3
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	10179
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	5559
	1	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5559
468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	4620
	1	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4620
12		Көлік және коммуникация	17796
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	16036
	13	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	16036
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1760
	23	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1760
13		Басқалар	13858,7
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5662,7
	12	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	5662,7
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4751
	1	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4751
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	3445
	1	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3295
	4	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	150

14		Борышқа қызмет көрсету	1,3
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1,3
	21	Облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен басқа да төлемдерді төлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	1,3
15		Трансферттер	28678,1
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28678,1
	6	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	28062,1
	24	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	616
		III. Таза бюджеттік кредит беру	31809
		Бюджеттік кредиттер	32937
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	32937
	477	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	32937
	4	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	32937
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1128
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1128
	1	Бюджеттік кредиттерді өтеу	1128
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1128
		IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	55704
		Қаржы активтерін сатып алу	55704
13		Басқалар	55704
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	55704
	14	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	55704
		V. Бюджет тапшылығы (профицит)	-120846,3
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (бюджеттің профицитін пайдалану)	120846,3
		Қарыздар түсімі	32937
7		Қарыздар түсімі	32937
	1	Мемлекеттік ішкі қарыздар	32937

	2	Қарыз алу келісім-шарттары	32937
16		Қарыздарды өтеу	16261,6
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	16261,6
	5	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1128
	22	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	15133,6
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	104170,9
	1	Бюджет қаражаты қалдықтары	104170,9
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	104170,9

Е р е й м е н т а у

м ә с л и х а т ы н ы ң

2 2

№

бекітілген 2 қосымша

2 0 1 0

4 С - 3 0 / 3 - 1 0

а у д а н д ы қ

ж ы л ғ ы

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

ш е ш і м і м е н

2012 жылға арналған аудан бюджеті

Санат					Сома
Сынып					
Сыныпша					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			I. КІРІСТЕР	2180414	
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	436762	
	1		Табыс салығы	13853	
		2	Жеке табыс салығы	13853	
		3	Әлеуметтік салық	147787	
		1	Әлеуметтік салық	147787	
	4		Меншікке салынатын салықтар	248696	
		1	Мүлікке салынатын салықтар	187495	
		3	Жер салығы	43526	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	15353	
		5	Бірыңғай жер салығы	2322	
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге көрсетуге салынатын ішкі салықтар	19802	
		2	Акциздер	3854	
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	12800	
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3148	

	8		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6624
		1	Мемлекеттік баж	6624
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	10002
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1071
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1071
	4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8542
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8542
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	389
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	389
3			НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	14000
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	14000
		1	Жерді сату	14000
		2	Материалдық емес активтерді сату	0
4			ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	1719650
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1719650
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1719650
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың			Сома
	Бағдарлама			
	Атауы			
1	2	3	4	5
			II. Шығыстар	2180414
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	191053
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14836
		1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14836
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	42284
		1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	42284

	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	110893
	1	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	110893
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) қаржы және экономика бөлімі	23040
	1	Экономикалық саясатты, қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21804
	3	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды өткізу	374
	4	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	862
	11	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	0
2		Қорғаныс	1312
	122	Ауданның (облыстық маңызы бар қала)әкімінің аппараты	1312
	5	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1312
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1114
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1114
	21	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1114
4		Білім беру	1472649
	123	Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының жұмыс істеуі	2810
	5	Оқушыларды мектепке және қайтадан ауылдық (селолық) жергілікті ақысыз жеткізуін ұйымдастыру	2810
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)білім беру бөлімі	1469839
	1	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10753
	3	Жалпы білім беру	1282290
	4	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	5245

	5	Ауданның аудандық маңызы бар қаланың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	18333
	6	Балалар және жасөспірімдер үшін қосымша білім беру	54911
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	0
	37	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	0
	9	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	98307
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	88437
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	88437
	1	Жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20075
	21	Мемлекеттік органдардың күрделі шығындары	0
	2	Еңбекпен қамту бағдарламасы	18053
	5	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2952
	6	Тұрғын үй көмегі	2913
	7	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	7287
	10	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1000
	11	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	366
	14	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	9381
	16	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	22205
